

OUTRIDER S

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДЫҚ КРЕСЛО


ЕРЕКШЕЛІКТЕР




Биіктікті реттеу



Тербеліс режимі
(Еркін - құлыптаулы)



Қолтіректерді реттеу



Арқалықтың еңіс бұрышын реттеу

ҚҰРАСТЫРУ СХЕМАСЫ



ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР ЖИЫНТЫҒЫ

1	x4	5	x2
2	x4	6	x4
3	x4 x4	7	x1
4	x2		

ДИСТРИБЬЮТОР

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

ENGLISH
- Unparalleled comfort
- Body-embracing high back design
- Full steel frame
- High density mould shaping foam
- Safety class 4 gas lift
- Gas lift height adjustment
- 4D adjustable arm rest
- 5 star metal base
- Breathable PVC leather
- Embroidered logo
- Weight limit : 120kg


ҚАЗАҚША
- Теңдессіз жайлылық
- Биік арқалық
- Болат қаңқа
- Газлифт биіктігін реттеу
- 4D реттелетін қолтіректер
- 5 сәулелі металл негіз
- Ауа өткізетін жоғары берік ПВХ-тері
- Кестелі логотип

PORTUGUÊS
- Conforto Incomparável
- Design do encosto alto que abraça o corpo
- Estrutura feita totalmente em aço
- Reclina 180º
- Ajuste de altura com suspensão de ar
- Descanso de braços ajustável
- Couro de PVC respirável
- Logo bordado
- Suporta até 120 Kg


РУССКИЙ
- Непревзойденный комфорт
- Высокая спинка
- Стальной каркас
- Регулировка высоты газлифта
- 4D регулируемые подлокотники
- 5-ти конечное металлическое основание
- Дышащая высокопрочная ПВХ-кожа
- Вышитый логотип


ITALIANO
- Comfort incomparabile
- Struttura in acciaio
- Bracciolo regolabile
- Base a stella (cinque raggi) in metallo
- Finta pelle in PVC
- Supporta fino a 120 Kg


Құрастыру нұсқаулары




2









3




4



5



6



КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

COUGAR ӨНІМІНІҢ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ
Өнім: COUGAR компьютерлік ойындық кресло
Кепілдік мерзімі: 12 ай
Осы кепілдік міндеттеме сізге белгілі бір
құқықтар береді.
Сізге жергілікті заңнамаға сәйкес басқа да құқықтар қолжетімді болуы мүмкін.
Құқықтар әртүрлі
факторлар мен жағдайларға байланысты болуы мүмкін.

КЕПІЛДІК КЕЛІСІМІ
Кепілдік тек өнімнің өндірістік ақауларына және/немесе материал ақауларына таралады.
Мұндай ақаулар анықталған жағдайда COUGAR немесе оның заңды өкілі кепілдік мерзімі ішінде өнімді жөндеуге немесе ауыстыруға міндеттенеді.
Өнімге кепілдік мерзімі соңғы сатып алушыға сату күнінен басталады.

КЕПІЛДІК ТАРАЛМАЙДЫ
Табиғи апаттардан (оның ішінде дауыл, өрт, су тасқыны, найзағай соғуы, жер сілкінісі және т.б.) туындаған кез келген зақымдарға.
Адамның кездейсоқ немесе әдейі әрекеттерінен (оның ішінде соққы, тілік, қысу, тот басу, төгілген сұйықтықтар, дұрыс пайдаланбау және т.б.) туындаған кез келген зақымдарға.
Өнімді оған жарамсыз жағдайларда (жоғары температура, жоғары ылғалдылық, су айдындары және т.б.) пайдаланған кезде.
Өнімнің кепілдік мерзімін растайтын кепілдік талонын, чекті немесе өзге құжатты ұсыну мүмкін болмаған кезде.
Кепілдік талоны өзгертілген немесе оның нөмірі оқылмайтын болса.
Кепілдік мерзімі аяқталған болса.
Өнімді дұрыс пайдаланбаудан, сондай-ақ өніммен ұқыпсыз жұмыс істеуден туындаған кез келген зақымдарға.
COUGAR-дың тұтынушылық емес немесе сертификатталмаған қосалқы бөлшектерін пайдаланудан туындаған кез келген зақымдарға.
Дұрыс емес жөндеуден, сатып алушының немесе COUGAR уәкілеттік бермеген басқа адамның дұрыс емес баптауынан туындаған зақымдарға.
Өнім уәкілетті емес дистрибьютордан немесе күмәнді сату арналарынан сатып алынған болса.
Өніммен бірге жеткізілетін орамаға, нұсқаулыққа және басқа керек-жарақтарға.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕСКЕРТУ
Осы нұсқаулықты Compucase Enterprise жасаған, оны Compucase Enterprise жазбаша келісімінсіз ішінара немесе толық көшіруге, беруге, таратуға болмайды және сақтауға болмайды. COUGAR® — Compucase Enterprise тіркелген бренді. Осы құжаттамада аталған өзге өнімдер мен компаниялар өз иелерінің бренділері немесе тіркелген сауда белгілері болуы мүмкін. Compucase Enterprise осы нұсқаулыққа, сондай-ақ өнімнің құрылымы мен техникалық деректеріне алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

ШЕКТЕУЛЕР
COUGAR өнімдері адамның өмірін қолдауға байланысты жағдайларда және құрылғылардың құрамында пайдаланылмауы тиіс.
COUGAR өнімдерін медициналық, әскери жабдықпен, автомобиль, теміржол, авиация және су көлігінің қозғалысын басқару жүйелерімен немесе дүлей апаттардың алдын алу жүйелерімен бірге пайдалануға туындаған денсаулыққа немесе мүлікке келтірілген зиян үшін COUGAR жауап бермейді.
COUGAR жауапкершілігі жөндеумен немесе ауыстырумен шектеледі. Жөндеу немесе ауыстыру туралы шешімді COUGAR біржақты тәртіппен қабылдайды.
Ешбір жағдайда COUGAR, оның директорлары, лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, агенттері, контрагенттері немесе уәкілетті өкілдері кепілдік өнімді пайдалану немесе оны кез келген тараптың пайдалануы кезінде, сондай-ақ жұмыстағы кез келген іріліске, қателікке, қалып қоюға, уақытша тоқтауға, ақауға, кідіріске, деректердің жоғалуына және осыған ұқсас жағдайларға байланысты кез келген түрдегі зиян үшін, оның ішінде тікелей, жанама, ерекше, кездейсоқ немесе айыппұл түріндегі залалдар, шығындар немесе шығыстар үшін жауап бермейді.

ӨНДІРУШІНІҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ Компукейс Энтерпрайз Ко., Лтд. Но. 225, Лейн 54, Ан Хо Роуд Сек. 2 Тайнянь, Тайвань, Қытай Тел. +886-6-356-0606

COUGAR USA қызмет көрсету бөлімі
Тел. (833) 256-3778 Email:
rma@compucaseusa.com

Қолдау: https://cougargaming.com/support/contact/upload/ Compucase Enterprise Co., Ltd.
Барлық құқықтар қорғалған. Қытайда жасалған.

ӨНІМДІ ӨНДІРУ КҮНІ
өнімді өндірген жыл мен ай өнімнің сериялық нөмірінде көрсетілген.
(өндірілген күнді анықтаудың 2 тәсілі бар, екеуі де төменде сипатталған)

Ⓐ S/N-нен кейін: алғашқы екі цифр жылды, келесі екі цифр өндірілген айды білдіреді.
Мысалы, S/N: H**17**02000001 тауардың 2017 жылдың ақпанында өндірілгенін білдіреді.

Ⓑ S/N-нен кейін: егер әріптер көрсетілсе, екі әріп төмендегі кестедегі цифрларды көрсетеді және жылды білдіреді, келесі екі цифр өндірілген айды білдіреді.
Мысалы, S/N: D**AG**02 REVI000001 тауардың 2017 жылдың ақпанында өндірілгенін білдіреді.

A	B	C	D	E	F	G	H	I	J
1	2	3	4	5	6	7	8	9	0

•Мысалы, AG = 17 = 2017 жыл

ЕСКЕРТУ

Креслоның биіктігін өзгерту үшін иінтіректі абайлап жоғары тартыңыз. Баптау кезінде шамадан тыс күш салмаңыз.
Креслоны құрастыру кезінде қорғаныш қолғаптарын пайдаланыңыз. Креслоны құрастыру кезінде тиісті қорғаныс құралдарын пайдалану жауапкершілігі сатып алушыға жүктеледі.
Креслоны тербеткенде, пайдаланғанда, оның немесе оның құрамдастарының биіктігін, еңісін, орнын өзгерткенде: қолдарыңыздың орнына назар аударып, олардың зақымдау мен жарақат келтіруі мүмкін жерлерге түсуіне жол бермеңіз. Күрт қозғалыстар жасамаңыз.
(кресло қозғалғанда) құлап кетпеу үшін басқару және баптау элементтеріне тимеңіз.
(арқалықты ең үлкен бұрышқа дейін сүйегенде) тиісті иінтіректі қажетті күйде бекітіп, екі аяғыңызды еденде ұстап, креслоның құлап кетпеуі үшін күрт қозғалыстардан аулақ болыңыз.
Кресло отыруға немесе соған сүйенуге арналғанын есте сақтаңыз, оны басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
Креслоның жиегіне немесе қолтіректеріне отырмаңыз.
Өнімді тікелей күн сәулесі түсетін жерлерде қалдырмаңыз. Күн сәулесі астында ұзақ тұрғанда материалдардың түстері өзгеруі мүмкін.
Абразивті тазалау құралдарын пайдаланбаңыз. Креслоны тазалау кезінде күш салмаңыз. Нәзік маталарды тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз.
Барлық элементтерді ай сайын зақымдардың бар-жоғына тексеріп отырыңыз. Сондай-ақ бекіту болттарының тартылу дәрежесіне назар аударыңыз.
Егер қандай да бір элемент сізге зақымдалған немесе жоқ болып көрінсе, жергілікті дистрибьюторға хабарласып, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз.

⚠ Ең жоғары статикалық жүктеме — 120 кг. Салмағыңыз 120 кг-нан асса, креслоны пайдаланбаңыз

COUGAR
REAL GEAR FOR REAL GAMERS

www.cougar-world.ru
facebook.com/cougargaming
youtube.com/user/COUGARGLOBAL
vk.com/cougarworld